

2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Ақмола облысы Сандықтау ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 26 наурыздағы № А-3/93 қаулысы. Ақмола облысы Сандықтау ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 5 сәуірде № 1-16-147 тіркелді

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына, «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» 2012 жылдың 16 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына және «Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір–маусымында және қазан–желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 1 наурыздағы № 274 Жарлығына, «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір–маусымында және қазан–желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 1 наурыздағы № 274 Жарлығын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 326 қаулысына сәйкес, Сандықтау ауданының әкімдігі

Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :

1. Әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе әскерге шақырылудан босатылуға құқығы жоқ он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтардың 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында, азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақырылуы ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Сандықтау ауданы әкімінің орынбасары В.Г.Гороховацкийге жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сандықтау ауданының әкімі
«КЕЛІСІЛДІ»

Қ.Сүйіндіков

«Ақмола облысы Сандықтау
ауданының қорғаныс істері»

ж ө н і н д е г і б ө л і м і »
м е м л е к е т т і к м е к е м е с і б а с т ы ғ ы н ы ң
м і н д е т і н у а қ ы т ш а а т қ а р у ш ы Е.Оразов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ